# Желтоқсанның арманы – Тәуелсіздік таңдары

# Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған



Асан Қайғы /XVI ғ./:

Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп.



Махамбет /1804–1846/:

Еділ үшін егестік,
Тептер үшін тебістік,
Жайық үшін жандастық,
Қиғаш үшін қырылдық.



Сұлтанмахмұт Торайғыров /1893–1920/:

Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз



Мағжан Жұмабаев /1893–1938/:

Жұрттың қамын көп ойла,
Уайым-қайғы жеп ойла!
Артта қалған сорлы жұрт
Алға бассын деп ойла!

# 1723-1725 жыл Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама






Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел жұртынан айрылған жаман екен,
Екі көзге мөлтілдеп жас келеді...

# 1737-1847 жыл - Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісі



# 1836-1838 жыл - Ішкі Бекейхан ордасындағы көтеріліс



# 1916 жыл Азаттық көтерілісі





# 1918-1920 жыл - Азамат соғысы







# 1937-1938 жыл -  Сталиндік  репрессия




















# 1931- 1932 жыл – Жаппай ашаршылық









Ф.И. Голощекин

«Асыра сілтеу болмасын – аша тұяқ қалмасын!»

# 1941-1945 жыл – Ұлы Отан соғысы
















# 1949 жыл - Осыншама азаптың ішіндегі ең сұмдығы Семей полигоны











# 1 9 8 6ж

  

# Желтоқсан

**Туған жердің көгілдір аспаны сенің кеудең секілді. Сол аспанның төсінде түнде жарқырап тұрған жұлдыздар сенің көздерің секілді. Сен сол туған жердің аспанымен тыныстайсың. Туған жердің жарық күнімен алысқа қарайсың.**



Қазақ халқы 1986 жылдың желтоқсанында тар жол тайғақ кешуден өтті. 1986ж. Желтоқсан оқиғасы қазақтың басы бірігіп бір жұдырықтай жұмылған әрі бақытты, әрі қайғылы күн еді. Бүкіл ұлттың сүйегіне таңба түсіріп, әділетсіз шешім қабылданып, халықтың ар-намысы таразыға салынған сын сағатта дүлей күшке қаймықпай қарсы шыға келген жастарымыздың ерен еңбегі ешқашан ұмытылмайды.



*1986 жылы 16-17 желтоқсанда Алматы қаласы бұрынғы астанамыз, қазіргі бас қаламызда мыңдаған қазақ жастары наразылық білдіріп,шеруге шықты. Олар: «Тәуелсіздік керек!» қазақ елінің өз көсемі сайлансын!- деген тілек білдірді.Сол кездегі Қазақстан Компартиясының орталық комитетінің 18 минутқа созылған* ***Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың*** *орнына Кеңестер одағының* ***Комунистік партиясы Разуловсийдің*** *ұсынысы бойынша* ***Генадий Колбинді*** *тағайындаған. Республика жұртшылығы бұл адаммен мүлдем бейтаныс болатын, бұл сылтау ғана, елі киіздің көп жылдар бойы ой санасына қордаланып жатып шыдам – шарқы таусылып барып, бұрқ етіп шыққан арман көрінісі еді. Өз елінің тәуелсіздігін талап етіп шеруге шыққан жастарға* ***«Бұзақылар», «Ұятшылдар» , «Нашақорлар»*** *деген кінәлар тағылды*.

# *Тәуелсіздік құрбандары мәңгі ел есінде!*

**Дауылға желтоқсанның желі айналды.**
**Ашуға мінді алатау кәрі, айбарлы**
**Күтпеген іс ақыры не болды деп**
**Күллі әлем алматыға қарай қалды**
**Кез емес жаугершілік «аттан» атты,**
**Алаңның шеруі емес салтанатты.**
**Қытымыр қыстың басы, сол бір айда**
**Желтоқсан желі әлемді жалт қаратты.**





Отан дейміз от жаққан жерімізді,
Отан дейміз өсірген елімізді.
Отан дейміз туған жер, атамекен –
Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

Отан дейміз кең – байтақ астананы,
Жасыл жайлау, жаңа жол, жас қаланы.
Отанның шеті де жоқ, шегі де жоқ,
Ол бірақ өз үйіңнен басталады.















**Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің 60-бабы бойынша 3 жылға бас бостандығынан, 65-бабы бойынша 15 жылға бас бостандығынан айыруға, Қазақ КСР қылмыстық кодексінің 171-бабы бойынша ең жоғары өлім жазасы атуға кесілсін**





Қайрат:

”Ақтық сөзің не?” – деген,
Бүгін қойды сот сұрақ.
Айтамын оны халқыма,
Жоқ пиғыл менде жасымақ.

Күнәдан таза басым бар,
Жиырма бірде жасым бар.
Қасқалдақтай қаным бар,
Бозторғайдай жаным бар,





Желтоқсан құрбаны- Қайрат Рысқұлбеков Алматы архитектура құрылыс институтының студенті.

1988 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі оған берілген ату жазасын 20 жыл бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырды.1988 жылғы мамырда-қайтыс болды.

1996 жылғы 9 желтоқсан – «Халық қаһарманы» атағы берілді.

**Қайрат Рысқұлбеков**
**1966-1988 ж.ж**





**Балалық шағы**



**Әскердегі**



**Қайраттың студенттік шағы**



**Қайраттың**

Жазаға тартылған **99-дың** 76-сы ерлер де, ал қалған 23-і қыз-келіншектер болған. Осы ел намысын қорғап, ел болашағын ойлап, ерлігімен көзге түскен 23-тің атынан Ләззат туралы айтқым келеді. Чайковский атындағы училищенің студенті-Ләззат танкімен тапталып өлтірілген. Оған көптеген ақын жазушылар жыр арнады. Желтоқсан оқиғасы туралы режиссер Қалдыбай Әсенов түсірген ”Аллажар” фильмінің басты кейіпкері де – Ләззат.

**1991 жылы 1-желтоқсандағы жалпы халықтық сайлауда Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.**

## *Өмір жолы*

Н.Ә.Назарбаев 1940 жылы 6-шілдеде Алматы облысы Қаскелең ауданындағы Шамалған ауылында туған.Орта мектепті бітіре салысымен сол жылдары Кеңес Одағындағы аса ірі Қарағанды металлургия комбинатының құрылысына аттанды. Ол Қазақстан Үкіметін басқарғанда 44 жаста еді.



# Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті



# Желтоқсан құрбандары



Ләззат Асанова



*Қайраттың әскердегі кезі*




**Сәбира Мұхамеджанова**



Ләззат Асанва



зат Асанова 1970 жылы қазіргі Алматы облысы Жаркент ауданына қарасты Айдарлы ауылында дүниеге келген. Жастайынан зерек өскен бала орта мектепті үздік бітіріп, Алматыдағы Чайковский атындағы музыка училищесіне өз талантымен оқуға түсті.

# Ләззат Асанова



*Ләззат бауырларымен бірге*



**Ләззат**
**12 жаста 1982 ж**



*Ләззат 10 жаста*
*1980 жыл*






*Жаркент қаласының орталығында Желтоқсан көтерілісінің құрбандары* ***Ләззат Асанова*** *мен* ***Ербол Сыпатаевқа*** *қойылған ескерткіш*




**Ләззаттың анасы Алтынай Асанова Алматыдағы Республика алаңында қызының рухына тағзым етуде.**

**17 желтоқсан. 2007**

# Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековке орнатылған ескерткіш. Семей қаласы



Бұл оқиғаға байланысты **103 адам** жауапқа тартылды. **99-ы** сотталды. Алматы қаласы бойынша **2401** адам қамауға алынып оқудан **309** студент шығарылған, **99**-ның ішінде **2 адам** өлім жазасына кесілген. Олар: Қайрат Рысқұлбеков, Мырзағали Әбдіқұлов. Желтоқсан оқиғасында ерен ерлігімен көзге түскендер өте көп, солардың бірі – Қайрат. Ол қыршын жасын қиды. Оған үлкен айып тағылды.



**Президентінің Қазақстан халқына жолдауында:**

***Біз барлық қиындықтарды еңсеретінімізге және Қазақстанда күшті , өркенді және әлемде құрмет-телетін мемлекетке айналдыратынымызға***

Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға
аттандық.
Қолымызда – тәуелсіздіктің көк туы.
Елтаңбамызда - бар халықтың басын біріктірер
киелі
шаңырағымыз.
Арманымызды алға апарар қанатты
пырақтарымыз бар.
Лайым бетімізден жарылқасын!
Үлкен жолдың үстінде бізді ата-
бабаларымыздың
аруағы желеп-жебеп жүре көрсін!

Мы на великом пути.
Устремлены к заветной мечте.
В руках у нас голубое знамя независимости.
На гербе нашем священный шанырак - символ нашего
единства.
И еще крылатые кони, несущие нашу мечту.
Да будет благословенна наша судьба!
Да осенят нас духи предков
на нашем великом пути!



***НУРСУЛТАН НАЗАРБАЕВ***

аспаннан,
Тарихы оның тым әріден басталған
Ынтымақтың туын тікке қастерлім
Орның бөлек сенің бізге қашаннан.



- **<u>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік</u> <u>Туы</u>**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы - ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының ара қатынасы – 1:2




- **<u>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы</u>**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде - бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес.

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні

*Сөзі: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев*
*Әні: Шәмші Қалдаяқова*

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы.


Astana - Almaty
2011



**Ендеше ең басты бағытымыз «ТӘУЕЛСІЗДІК» шежіресіне көз жіберейік**

- **1991 жылы Ел Тәуелсіздігін алды**
- **1992 жылы Ел рәміздері бекітілді**
- **1993 жылы Төл теңгеміз айналымға түсті**
- **1994 жылы Елде жаңа Парламент өз жұмысын бастады**
- **1995 жылы Еліміздің Ата Заңы Конституция қабылданды**
- **1996 жылы Желтоқсан оқиғасының құрбаны Қ.Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағы берілді**
- **1997 жылы Елордамыз Астанаға көшірілді, «татулық пен құғын сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып жарияланды**
- **1998 жылы Халықтар бірлігі мен сабақтастығы жылы**
- **1999 жылы Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы**

**10 2000 жылы Мәдениетті қолдау жылы**

**11. 2001жылы Тәуелсіздік пен достық жылы**

**12. 2003-2005 жылы Ауыл жылы**

**13 2007 жылы Сазгер Ш.Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні мемлекеттік әнұран болып қабылданды**

**14. 2008 жылы Қазақ тілін қолдау жылы**

**15. 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ (Еуропа Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы) төрағалық етті.**



Қандай дүние жетеді балауыңа!
Бәрі сенің, жан Отан, қалауыңа!
Өз бейнеңдей әлемге тұр танылып,
Қазақстан гербі де, жалауы да!

Жұбан Молдағалиев

Мұхтар Шаханов "Төрт жыл кешіккен шындық"

Әр дәуірдің еркіне сай нарқы өзгерген алтынның,
Айналайын алтын әнім, жас өркені халқымның.
Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсам деп талпындың.
Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей ер намысты жас өркені бар елдің,
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы.

- *Президент жарлығымен* ***1996 жылы 9 желтоқсанда*** *Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбековке* ***“Халық Қаһарманы”*** *атағы беріліп, ата – анасына* ***“Алтын жұлдыз”*** *айрықша ерекшелік белгісі тапсырылды.*
- *Сәбира, Ләззат, Ерболдарға* ***“Ақтау жөніндегі анықтама”*** *қағаздары берілді.*
- *Желтоқсан оқиғасына түбегейлі баға беру туралы комиссияның* ***24 томдық*** *материалдары әзірленді.*
- *Құйынның құрбандарының ерліктеріне арналған* ***“Аллажар”*** *фильмі түсірілді.*
- *Алматы төрінен* ***“Тәуелсіздік ескерткіші”*** *бой көтерді.*

**Қайрат Рысқұлбеков-** ату жазасына кесілген
**Ляззат Асанова-** белгісіз себептермен қайтыс болды
**Сәбира Мұхамеджанова** - белгісіз себептермен қайтыс болды
**Мырзағұл Әбдіқұлов-** ату жазасына кесілген.

**Тарихта бұл есімдер "ЖЕЛТОҚСАН-86" деген атпен мәңгі қалды**